



Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық
университеті

QAZAQ

UNIVERSITETI

Апталық
1948 жылдың
20 сәуірінен шыға
бастады

№24 (1806)
12 маусым
2021 жыл

www.kaznu.kz

facebook.com/KazakhNationalUniversity

vk.com/kazuniversity

instagram.com/KAZNU_FARABI

Түркия – маңызды әрі сенімді әріптес



Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев Түркия Республикасының Қазақстандағы бас консулы Али Риза Ақынжымен жүздесті.

Кездесуде ҚазҰУ ректоры Жансейіт Түймебаев тәуелсіздігімізді алғашқы болып мойындаған Түркия бүгінде еліміздің маңызды әрі сенімді әріптесі екенін тілге тиек етті. «Еңсемізді енді тіктей бастаған тұста тарихи тамыры бір туыстас қос мемлекет ынтымақ пен берекенің керемет үлгісін көрсетіп келеді», – дей келе, ректор ҚазҰУ Түркияның көптеген университеттерімен тығыз қарым-қатынас орнатып, екі ел ара-

сындағы мәдени және рухани байланыстардың кеңінен дамуы әлі де арта түсетінін атап айтты. Сондай-ақ университет басшысы ҚазҰУ-дағы ғылыми институттар мен орталықтар, ондағы ғалымдардың ғылыми жаңалықтары мен жобаларын таныстырып, қос мемлекеттің өндірісіне қажетті жобаларды бірлесе жасауға және танымал түрік ғалымдарын ҚазҰУ-да дәріс оқуға шақырды.

Ал Түркияның Қазақстандағы бас консулы Али Риза Ақынжы Орталық Азиядағы жетекші жоғары оқу орны саналатын ҚазҰУ-мен әріптестік байланыс орнатуға қолдау көрсететінін айта келе, әл-Фараби, Абай, Қожа Ахмет Ясауи еңбектерін түрік тіліне аудару бойынша бірлесе шаралар ұйымдастыруды ұсынды.

Сонымен қатар кездесу аясында тараптар көптеген бағыттар бойынша ынтымақтастық қарым-қатынас орнату мәселесін талқылады. Атап айтар болсақ, қос диплом, академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында тәлімгерлердің білімін шыңдау, бірлескен ғылыми жобалар жасау, туризм саласында мамандар даярлау және тәжірибе алмасу бағыттары бойынша білім, ғылым саласын заманауи талаптарға сай дамыту мәселесіне ерекше мән берді.

Университет басшысы аталмыш кездесу қос мемлекеттің жоғары оқу орындары арасында халықаралық ғылым мен білімнің алтын көпіріне айналатын ынтымақтастықтың бастауы болатынына сенім білдірді.

Айнұр АҚЫНБАЕВА

«Бес жұлдыз» басымдық белгісін иелендік

Қазақстанның жетекші университеті – Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ QS WUR рейтингінде Топ-200-ге кіріп, әлемнің үздік университеттері арасында кезекті рет көшбасшылық позициясын танытты. Посткеңестік елдерден бұл топқа тек екі университет – М.В.Ломоносов атындағы ММУ (78-орын) мен Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ (175-орын) кіреді.



ҚазҰУ – әлемнің үздік Топ-200 университеті қатарына алғаш енген және халықаралық академиялық сарапшылардың да, отандық жұмыс берушілердің де жоғары бағасын алған қазақстандық жалғыз жоғары оқу орны. Мұндай жетістіктер болашаққа үлкен сеніммен қарауға және жоғары мақсаттарға ұмтылуға мүмкіндік береді.

ҚазҰУ жаһандық ғылыми-білім беру қоғамдастығына белсенді ықпалдаса отырып, өз көрсеткіштерін

әлемнің озық білім ордаларының халықаралық стандарттарына сәйкестендіру бағытында үлкен жұмыс жүргізуде. Әлемдік академиялық қоғамдастықтың мойындауы – университеттің жаһандық бәсекеге қабілеттілігін растайды және оған ҚазҰУ ұжымының мыңдаған қызметкерінің әрқайсысы өз үлесін қосуда.

Биыл QS WUR институционалдық рейтингіне әлемнің 97 елінен 1300 жоғары оқу орны қатысты.

Айта кету керек, ҚазҰУ пандемияның әсеріне қарамастан, QS by Subject рейтингінде 11 пәндік сала бойынша позициясын жақсартты. Сондай-ақ ҚазҰУ өте жоғары бағаға ие болып, QS Stars Rating System халықаралық рейтингінде «Бес жұлдыз» басымдық белгісін иеленген Орталық Азиядағы алғашқы және жалғыз жоғары оқу орны атанды.

Өз тілшімізден



Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да Дүниежүзілік қоршаған ортаны қорғау күніне арналған дөңгелек үстел өтті. Шараны БҰҰ-ның Қазақстандағы ақпараттық кеңсесінің қолдауымен университеттің Пан Ги Мун атындағы тұрақты даму институты ұйымдастырды. Ашық диалогқа белгілі қоғам қайраткерлері, экологтар, ғалымдар, қоршаған ортаны қорғау саласындағы сарапшылар, мемлекеттік органдар мен үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері қатысты.

Экологиялық мәселелер басты назарда

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті БҰҰ-ның тұрақты даму жөніндегі «Академиялық ықпал» бағдарламасының жаһандық хабын басқара отырып, халықаралық академиялық қауымдастықты БҰҰ қабылдаған тұрақты даму мақсаттарын жүзеге асыруға белсенді түрде жұмылдыруда, олардың бірі – қоршаған ортаны қорғау.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев форум қатысушыларына арналған құттықтау сөзін жолдады. Ол адамзаттың ғаламдық мәселелерінің бірі – қоршаған ортаның үнемі нашарлау үстінде екенін баса айтты. Адамзат пен табиғат арасындағы белсенді байланыс экожүйенің бұзылуына әкелді, олардың көпшілігі қайта қалпына келмейді. Сондықтан БҰҰ 1972 жылы бекіткен Дүниежүзілік қоршаған ортаны қорғау күні – әлем назарын табиғат проблемаларына аударудың бірден-бір жолы.

Жалғасы 3-бетте

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев Дүниежүзілік банктің Қазақстандағы тұрақты өкілі Жан-Франсуа Марто бастаған делегация құрамымен кездесті. Жүздесу барысында тараптар өзара ынтымақтастық мәселелерін талқылады.

Серіктестіктің жаңа бағыттары

Білім ордасының басшысы алдымен Қазақстан мен Дүниежүзілік банк арасындағы өзекті жобалардың нәтижелеріне тоқталды. Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев ұлттық адами капитал индексінің жақсарту және Қазақстанды тұрақты даму брендіне айналдыру жөнінде ауқымды міндет қойған болатын. Оған білім мен ғылымды ілгерілету арқылы қол жеткізуге болатынын айтқан ректор: «Университетімізде соңғы 10 жылда Дүниежүзілік банктің технологияларды коммерциализациялауға арналған гранттары бойынша 5 миллион доллардан астам қаржы игеріліп, 10-нан астам шағын инновациялық кәсіпорын құрылды.

Жалғасы 2-бетте

РЕФОРМАТОР
РЕКТОР



2

АЛТЫН ОРДА –
АЛЫП
ИМПЕРИЯ



5

ЦИФРЛЫҚ
ТЕМІРЖОЛ МОДЕЛІ
МҮМКІНДІКТЕРІ
ҚАНДАЙ?



7

Экономика ғылымының докторы, профессор, ҚР Ұлттық ғылым академиясының академигі, Қазақстанның еңбек сіңірген ғылым және техника қайраткері Көпжасар Нәрібаевты еске алғанда «Жақсының аты өлмейді, ғалымның хаты өлмейді» деген бабалар сөзі тіл ұшына оралады.

Реформатор ректор

Туған елі үшін төр төгіп, қазақ білімі мен ғылымына еңбек сіңірген бірегей ғұламаға қанша сөз арнасақ та ешкім шектемес. Алайда ұлы ұстаздың азаматтық ажары мен кісілік келбетін дәл осылай қатар суреттеп, жан-жақты қырын даланың даналарынан артық ашып бере алмаспыз. Өйткені Көпжасар Нәрібайұлы шын мәнінде жақсы адам, парасатты тұлға, кеменгер ғалым еді. Ол қазақстандық және кеңестік экономистер мектебінің көрнекті өкілі, қазіргі заманғы бухгалтерлік есептің негізін қалаушылардың бірі болды. Дара болмысынан Отанға, ұлтқа, ұрпаққа деген сүйіспеншілігі, қамқорлығы, жанашырлығы аңғарылып тұратын. «Білімді болудың мақсаты – мансап емес, қоғам мен халқыңа қызмет ету» деген ұстаныммен өмір сүрді. Зиялы көзқарасы, ұстамды мінезімен, ұшқыр ойымен халық жүрегінен орын тапты. Жарқын бейнесі, терең білімімен, қызықты лекциясы, өнегелі тәрбиесімен шәкірттерінің ризашылығына бөленді. Көпшілік бірауыздан айтып жүрген «Ғалым. Устаз. Азамат» деген биік шынды саналы ғұмырын сарп етті.

К.Нәрібаевтың өмір жолына көз жүгірте отырып, бағындырған белестері мен алған асулары оған оп-оңай иіле салмағанын бағамдауға болады.

Талантты педагог 1938 жылы 3 маусымда Жамбыл облысының Бестөбе ауылында дүниеге келген. Ес кіріп, мектеп табалдырығын аттап, білімге құлаш ұрған сәттері соғыс уақыты, тың игеру, халық шаруашылығын қалпына келтіру сияқты елдегі экономикалық ауыр жағдайлармен тұспа-тұс келеді. Бұл уақытта ешкімнің ғылымды ойлауға мұршасы келмей жатқан кезең. Соған қарамастан, С.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің экономика факультетінің үздік

студенті ілім қуып Мәскеуге аттанады. 1964 жылы Қаржы институтының аспирантурасын бітіріп, экономика ғылымының кандидаты дәрежесін қорғады. Кері оралған соң, Алматы халық шаруашылығы институтында 12 жыл жұмыс істеді.

АҚШ-тың ірі ғылыми-зерттеу университеттерінен өткен тағылымдамасы ғалымның ізденістеріне даңғыл жол ашты десек, қателеспейміз. Мәскеу мен Алматыда «АҚШ-та бухгалтерлік есепті ұйымдастыру», «КСРО-дағы және АҚШ-тағы есептеудің қазіргі заманғы дамуының негізгі үрдістері» және басқа да монографиялары жарық көрді.

1976 жылы Қазақ ССР жоғары және арнаулы орта білім беру министрінің орынбасары лауазымына тағайындалып, өзінің әкімшілік, ұйымдастыру жұмыстарына қабілеттілігін көрсетті. Алайда оның жаңа бастамаларға құмартуы тоқтамады. 1980 жылы Мәскеу қаласында «Есептеу техникасын пайдалана отырып есепке алуды ұйымдастыру мен басқаруды жетілдіру (АҚШ және КСРО тәжірибесі)» тақырыбында докторлық диссертациясын қорғады. 1982 жылы оған «Экономика» мамандығы бойынша профессор ғылыми атағы берілді.

Ол кездің өлшемімен 44 жаста КСРО-да мұндай дәрежеге екінің бірі жете бермейтін. Алғаш рет есеп және басқару ісі бойынша ана тіліміздегі ғылыми еңбектер студенттер қолына тиді. Оған дейін есептеу теориясы, есептеу мен басқаруды механикаландыру және автоматтандырудың принциптері тек орыс тілінде оқытылатын. Қаламынан туған мемлекеттік тілдегі сегіз кітап, үш кітапша және 70-тен аса мақала әлі күнге өзектілігін жоғалтқан жоқ.

1983-1987 жылдар аралығында Көпжасар Нәрібайұлы Қазақстан Республикасының жоғары және арнаулы орта білім беру министрі қызметін

атқарды. Отанымыздың игілігі үшін еңбек етіп, елде жаңа жоғары оқу орындары мен жаңа мамандықтарды ашуға бастамашы болды. Білім беру қызметін жетілдіру бойынша

Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты, Қазақстан Коммунистік партиясы орталық комитетінің мүшесі болды. ЮНЕСКО-ның жоғары білім мәселелері бойынша халық-

қызмет атқарып келген зерттеу лабораториялары сегіз ғылыми-зерттеу институты мен тоғыз ғылыми орталыққа біріктірілді. Халықаралық қатынас, менеджмент, маркетинг, мемлекеттік, реттеу және экономикалық басқару, іскерліктегі информациялық жүйе, экология, туризм, медициналық биология мамандықтары, кафедралары ашылды. Жоғары білімді мамандар даярлау ісі бакалавриат және магистратура жүйесіне көшті.

Білім ордасы Халықаралық университеттер ассоциациясы (МАУ) мен Еуразия университеттері ассоциациясының (ЕАУ) мүшелігіне ең бірінші қабылданды. Түркия, Иран, Египет, Корея сияқты 30 халықаралық университетпен келісімшарт жасалып, 45 елшілікпен тұрақты байланыстар орнатылды. Көп ұзамай ҚазМУ беделді оқу ордасына айналып, Көпжасар Нәрібайұлы «Халықаралық жыл адамы» атанды.

Реформатор ректор ҚазҰУ-дан кейін Алматы технологиялық университетінде, ҚР Білім және ғылым министрлігінде, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде қызметтер атқарды. Өмір бойы ұлттық экономика салаларына ғылыми және педагогикалық кадрларды даярлаумен айналысты, магистрлік және докторлық диссертацияларға ғылыми басшылық жасады. 400-ден астам ғылыми жұмыс, оның ішінде 40 кітап пен монография, 20 кітапша өз нысанасын тапты. Оның еңбектері жас ғалымдар, зерттеушілер, экономистер үшін үлкен шығармашылық мұраға айналды.

Академик еңбектері шетелдерде кеңінен танылып, мемлекеттік наградалармен марапатталды. «Қазақстанға еңбек сіңірген ғылым және техника қайраткері», «Құрмет белгісі» және «Парасат» ордендері оңірінде жарқырады.

Қорыта айтқанда, академик Көпжасар Нәрібаев – ерен еңбек адамы, елінің нағыз патриоты болды. Өзі өмірден өтсе де, ғылымдағы жолы тоқтамақ емес. Қайраткерлік тұлғасы, ұстаздық бейнесі, азаматтық қыры халық жүрегінен мәңгі сақталады.

Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ,
Әл-Фараби атындағы
ҚазҰУ-дың Басқарма
Төрағасы – Ректоры



іс-шаралар ұйымдастырып, шетелдердің озық тәжірибесін енгізді. Ғылыми-педагогикалық кадрлар даярлау ісінде жауапкершілік танытты. Аспиранттар мен докторанттар Мәскеу, Ленинград, Киев, Новосібір, Томск университеттерінде білім-тәжірибе алмасып қайтты. Халықаралық қатынастарды күшейтіп, шет мемлекеттерге мамандар жіберетін арнайы комиссияға төрағалық етті. Оқытушы-профессорлар ғылыми іссапарға, біліктілікті көтеру шараларына жіберілді.

Республика мектептерінің материалдық-техникалық базасын жаңартып, ірі өндіріс орындарымен әріптестік байланыс орнатты. Бұдан бөлек, Алматы мемлекеттік театр және көркем-өнер институты, Рудный индустриалды институты, Қостанай ауыл шаруашылығы институты, Семей ет және сүт өндірісінің технологиялық институты және көптеген техникумдар мен училищелердің ашылуына мұрындық болды.

аралық форумдар мен симпозиумдарына қатысып, Қазақстанды халықаралық білім беру кеңістігінде таныстырып отырды.

1991 жылы өзі білім алған Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетін басқарып, табаны күректей он жылды оқу орнын дамытуға, жоғары білім жүйесін жетілдіру ісіне арнады.

Ректор ретінде барды ұқсатып, бұрыннан жалғасып келе жатқан озық дәстүрлер мен ірі табыстарды жандандырды, шығармашылық еңбектерді көбейтуге күш салды. Білім жүйесін қайта құрып, сатылы түрде қарқынды реформалады. Оның ұсынысы бойынша университетке шығыс ғұламасы, энциклопедист-ғалым әл-Фараби есімі берілді. 1993 жылы білім ордасы ұлттық мәртебесін алды.

Өз алдына дербес оқу орны нарықтық экономикаға бейімделіп, университеттің интеллектуалдық қызметі жаңа белеске көтерілді. Бұрын жеке-дара

Серіктестіктің жаңа бағыттары

Соңы. Басы 1-бетте

Әлемдік банк гранты бойынша 10 шетелдік студент білім алуда. Университет қызметкерлері әртүрлі курс, тағылымдамалардан өтіп, Вашингтондағы банк семинарларына қатысты», – деп атап өтті.

Өз кезегінде Жан-Франсуа Марто ынтымақтастық пен бірлескен жобаларды кеңейту жөніндегі ұсыныстарды қолдайтынын жеткізді. 2012 жылы Дүниежүзілік банк әлемнің кедей

халқын электр энергиясымен және экологиялық қауіпсіз отын түрлерімен қамтамасыз ету бойынша күш-жігерді басқару үшін Біріккен Ұлттар Ұйымының қызметіне қосылған болатын. Осыған орай, тараптар БҰҰ-ның тұрақты даму мақсаттарын іске асыру бойынша: білім және ғылым, энергетиканы дамыту, энергияның баламалы көздері, қоршаған орта, кедейлік және гендерлік мәселелерді талқыға салды.

Сондай-ақ жүздесуде ор-



тақ ғылыми-инновациялық жобаларды гранттық қаржыландыруға өтінімдер санын арттыру, банк құрылымдарында және серіктестерінде тағылымдамалардан өту мен тәжірибе алмасу мүмкіндігі, ғылым мен техниканың өзекті бағыттары, әлеуметтік және гуманитарлық мәселелер бойынша бірлескен ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру және жүргізу бойынша стратегиялық әріптестік орнату бағыттары кеңінен қарастырылды.

**Әл-Фараби атындағы
ҚазҰУ-дың Баспасөз
қызметі**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Еуропалық одақтың Орталық Азия бойынша арнайы өкілі Петер Буриан және қазақстандық ғалымдар мен сарапшылардың қатысуымен «ЕО-ның Орталық Азиядағы стратегиясы: мүмкіндіктері мен болашағы» атты халықаралық дөңгелек үстел өтті.

Еуроодақпен әріптестік артады



ҚазҰУ-ға сапары барысында Петер Буриан Еуропалық ақпараттық, Германдық және Роман зерттеу орталықтарында болып, академиялық ұтқырлық бағдарламалары, олардың ішінде «Эрасмус+», «Абай-Верн», «IAESTE» және т.б. бағдарламалардың іске асырылуымен танысты. Қонаққа университеттің қазіргі таңда «Эрасмус+» бағдарламасы шеңберінде еуропалық елдермен жоғары білімнің әлеуетін арттыру бойынша 13 ғылыми-білім беру жобасын жүзеге асырып жатқандығы және де аталмыш бағдарлама аясында екі жоба бойынша үйлестіруші болып табылатыны туралы ақпарат берілді. Сонымен қатар жоғары оқу орны Еуроодақ қаржыландыратын 39 академиялық ұтқырлық жобасына қатысып, қос диплом бағдарламаларын белсенді түрде дамытуда.

Талқылау барысында арнайы өкіл ЕО мен Орталық Азия ынтымақтастығының күн тәртібіндегі өзекті мәселелерге тоқталып, өңірлік қауіпсіздікті қамтамасыз ету, су ресурстары, экология және климаттың өзгеруіне, сондай-ақ азаматтық қоғам, гендерлік және жастар саясатын дамытуға назар аударды. Ол ғылым мен білім саласындағы өзара іс-қимылға да ерекше мән берді. Қазақстанның жоғары оқу орындары ғылыми әлеуетін халықаралық деңгейде арттыру үшін Horizon Europe, «Эрасмус+» сынды және т.б. еуропалық зерттеу бағдарламаларына белсенді қатысуы қажет екенін атап өтті. ҚазҰУ-дағы бұл кездесу қазақстандық және еуропалық ғалымдардың бірлескен ғылыми іс-шаралары мен зерттеу жобаларында қисынды жалғасын табатынына сенім білдірді, бұдан бөлек, қазақстандық іргелі білім ордасында «ЕО-Орталық Азия» халықаралық форумын өткізуді ұсынды.

Сондай-ақ шарада А.Е.Чеботарев пен М.Ш.Губайдулина жазған «Еуропалық одақ және Орталық Азия елдері: жаңа стратегия аясындағы ынтымақтастық мүмкіндіктері мен перспективалары» атты кітаптың тұсаукесері өтті. Басылым Р.Люксембург атындағы неміс қорының халықаралық жобасын іске асыру аясында Еуропалық одақтың сыртқы байланыстар қызметінің консультативтік қолдауымен жарық көрді.

Кездесуде еуропалық зерттеулер саласындағы ғалымдар мен сарапшылар Қазақстан мен Орталық Азия елдерінің ЕО-мен қарым-қатынасын одан әрі дамыту жөнінде өз ойларымен бөлісті. Еуропалық одақ сыртқы сауда айналымы мен ел экономикасына құйылатын инвестицияның жартысына жуығын құрайтын Қазақстанның стратегиялық сауда және инвестициялық серіктесі екендігі атап өтілді. Өзара тиімді ынтымақтастықты дамытудағы маңызды шаралардың бірі Брюссельде өткен «Қазақстан Республикасы – Еуропалық одақ» ынтымақтастық кеңесінің 18-отырысы болды. Оған Қазақстан Республикасы премьер-министрінің орынбасары – сыртқы істер министрі Мұхтар Тілеуберді қатысып, ғылым және білім беру саласындағы ынтымақтастықты кеңейту мәселелері де талқыланды.

Өз тілшімізден

Экологиялық мәселелер басты назарда

Соңы. Басы 1-бетте

Оқу орнының басшысы: «Биыл еліміз өз Тәуелсіздігінің 30 жылдығын атап өтуде. Біріккен Ұлттар Ұйымының толыққанды мүшесі ретінде Қазақстан әр жылдары тұрақты даму мақсаттарының бір бөлігіне айналған бірқатар бастамаларды алға тартты. Осындай жаһандық бастамалардың бірі – 2010 жылы Тұңғыш президент – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев ұсынған «Жасыл көпір» жобасы. Осы идеяны қолдап насихаттай отырып, біздің университет 2012 жылы Бразилияда өткен «РИО+20» Дүниежүзілік саммитінде ұсынылған және академиялық қоғамдастықтың қолдауына ие болған «Ұрпақтар арасындағы жасыл көпір» халықаралық жобасын жүзеге асыруда», – деп атап өтті.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Елбасының бастамасын жалғастыра отырып, қазақстандық мектептерде балаларды оқыту жоспарына жаңа пән – экологиялық білім беруді енгізуге шақырды. Жақында мемлекет басшысы Қазақстанның экожүйелерді қалпына келтіру және «жасыл күн тәртібін» ілгерілету мақсатында БҰҰ-ның 10 жылдығына қатысуына ниет білдірді.

Кездесуде бала құқықтары жөніндегі уәкіл Аружан Саин ұлт денсаулығын сақтауда қоршаған ортаны қорғаудың маңыздылығына тоқталды. Ол жағымсыз экологиялық зардап ең алдымен балалар мен болашақ аналарға, ең осал және тәуекел етуші топтарға кері әсер ететінін айтты. Экологиялық мәселелерді шешу біздің қоғамымыз бен мемлекетіміздің басымдығына айналуы тиіс.

БҰҰ қоршаған орта бағдарламасының Орталық Азиядағы аймақ-



тық кеңесінің жетекшісі Айдай Құрманованың айтуынша, ғылым, білім мен жастардың симбиозы аса маңызды. Академиялық қоғамдастық ұсынған бастамалар тұрақты дамуда, оның ішінде қоршаған ортаны қорғау мен экожүйені сақтау саласында маңызды рөл атқарады. Осы бағытта күш-жігерді біріктіріп, азаматтар, қоғам мен бизнестің санасын өзгерту, экологиялық ойлау мен табиғатты құрмет тұтуды қалыптастыру қажет.

Кездесуде БҰҰ-ның Жаһандық коммуникациялар департаментінің Қазақстандағы өкілі Властимил Самек сөз сөйлеп, жастар мен студенттердің экологиялық қозғалыстағы және тұрақты даму мақсаттарына жетудегі рөліне назар аударды. Алматы қаласы кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасының бастығы Еркебулан Оразалин қаланың экологиялық жағдайын

жақсарту, «жасыл» қорды сақтау, «Қайырымды қала» жобасын іске асыру және осы бағытта қоғаммен өзара іс-қимыл жөніндегі қабылданған шаралар туралы баяндады.

Ауқымды шарада «Қоршаған ортаның балалардың әл-ауқаты мен денсаулығына әсері», «Қазақстан экожүйесін қалпына келтіру», «Экологиялық өзгерістердің тұрмыстық орта мен тұрмыстық жағдайларға әсері және жабайы жануарлар», тағы басқа да өзекті мәселелер кеңінен талқыланды.

Сондай-ақ ҚазҰУ оқытушылары мен докторанттары экологиялық журналистика, биоалуантүрлілік және қоршаған ортаны қорғаудың түрлі ғылыми тақырыптары бойынша өз баяндамалары мен презентацияларын таныстырды.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Баспасөз қызметі

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев Халықаралық бағдарламалар орталығының президенті Айнұр Кәрібозованы қабылдады. Тараптар тиімді ынтымақтастық бастамаларын көтеріп, әрі қарай дамыту жолдарын қарастырды.

«Болашақта» мүмкіндік мол

Жүздесуде білім ордасының басшысы қарашаңырақтың жетістіктері мен даму келешегіне тоқталды. ҚазҰУ – QS халықаралық рейтингінде «Бес жұлдыз» басымдық белгісіне ие болған Орталық Азиядағы жалғыз университет. Жетекші оқу орнында жаратылыстану ғылымдары саласындағы ғылыми зерттеулер қарқынды екенін айта келе, ректор инновациялық жобалардың да табысты іске асырылып жатқанынан хабардар етті.

Университетте сегіз ғылыми-зерттеу институты мен 30-ға жуық ғылыми орталық бар. Мұндағы Жерді қашықтықтан зондау орталығының мамандары ғарыштық технологияларды меңгеріп, бәсекеге қабілетті жобалар жасауда. ҚазҰУ басшысы жаһандық білім беру кеңістігінде көшбасшылық позициясын дәлелдеген іргелі білім ошағының өзге де толағай табыстарын атап өтіп, «Болашақ» бағдарламасы арқылы бакалавр, магистратура мен докторантура деңгейлерінде ғана емес, ғалымдар мен оқытушылардың шетелдік тағылымдамадан өтуіне мүдделілік танытты.

Орталық басшысы өз кезегінде Президент тапсырмасымен биылдан бастап 500 қазақстандық ғалым мемлекет есебінен шетелде тағылым-



дамадан өтетінін айтты. Өз сөзінде осы университеттің түлегі екенін жеткізген Айнұр Бағдатқызы «Болашақ» халықаралық стипендиясының игіліктері мен жаңа мүмкіндіктері жайлы кеңінен әңгімеледі. Оның ішінде ғалымдар санатына ерекше тоқталып, бағдарламаның артықшылықтарын ашып көрсетті.

Оның мәлімдеуінше, ҚР БҒМ Ғылым комитеті тағылымдамадан өтуші ғалымдардың зерттеу тақырыбының елге оралғандағы практикалық өзектілігіне баса мән береді. Сондықтан құжат тапсыратын үміткерлер тағылымдаманың зерттеу бағытының Қазақстандағы қажеттілігіне назар аударуы тиіс.

Еңбек өтілі бойынша да бірқатар өзгерістер орын алған. Мәселен, докторантура, магистратура бойынша

академиялық бағдарламаларда білімгер республикалық маңызы бар үш қалада – бес, аймақтарда үш жыл еңбек етуге тиіс болса, ал тағылымдамадан өтуші үшін аймақ немесе

республикалық маңызды қала болсын еңбек өтілі үш жылды құрауы тиіс. Сонымен қатар ғалымдар немесе педагогикалық қызметкерлер «Болашақ» бағдарламасының тізіміне енген әлемнің танымал ғылыми орталығы, білім беру ұйымы немесе өндірістік орындарда тағылымдамадан өте алады.

Сондай-ақ кездесу аясында ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылып, орталық президенті халықаралық бағдарламаның іске асырылуы шеңберіндегі жаңа талаптар мен шарттар жөнінде толыққанды ақпарат беру мақсатында офлайн және онлайн режимде брифинг өткізді.

Әйгерім ӘУЕЗХАНҚЫЗЫ

– Ажар Ахметқызы, сіздің биология саласының академигі, университетіміздің, ұлтымыздың беткеуістар ғалымы ретінде қандай ғылыми жаңалықтар ашқаныңызды, ғылымдағы жетістіктеріңізді жақсы білеміз. Сондықтан сізді ғылым жайындағы емес, көп адамдарға аша бермейтін отбасылық әңгімеге тартқым келеді. Жұбановтарды академиктер жанұясы деп айтады. Сұхбатымызды өнер саласындағы қазақтан шыққан тұңғыш және саяқ академик, әйгілі композитор Ахмет Қуанұлынан бастасақ, Әкеңіз туралы, оның ортасы, жалпы, отбасы туралы айтып берсеңіз.

– Әкемнің тағдыры қиын болды. 1937 жылғы репрессия кезінде ағасы Құдайберген



Ажар ЖҰБАНОВА, академик:

Таңдауым нәтижесіз болған жоқ

Жұбанов ұсталып, атылып кетті. Ол ұсталған күннің ертесінде, сол заманның заңы бойынша Ахмет Қуанұлы филармониядан шығарылды. 31 жастағы жігітке ағасының алты баласын, өзінің бес баласын асырау керек болды. Кейіннен өзі де қудаланатын болған соң, Мұхтар Әуезовпен бірге Мәскеуге қашты. Біраз жыл сол жақта жүрді. Әкем туралы «Өнегелі өмір» сериясымен кітап шығардым. Сондай-ақ қазақ, орыс, ағылшын және француз тілдерінде «Ахмет Жұбанов – қазақ халқының ұлы» кітабын бастырдым. Осы еңбектерде оның өмірі түгел баяндалады. Әкемнің 100 жылдығы құрметіне «Қазақфильм» киностудиясында түсірілген «Ахмет Жұбанов» деректі фильмінің сценарийін өзім жазып шықтым.

Үйдің кенжесі болғандықтан ба, әкем мені кішкентайымнан қасына ертіп жүретін. Сол кездегі танымал күйшілермен көп араласатын, ұзақ отырып күйдің тарихын, ойналу иірімдерін талдайтын, нотаға түсіретін. Домбыраны жасау әдістерін, оның шанағына, қақпағына, мойнына қандай ағаштар қажет екенін зерттеді. Ол республикадағы белгілі көптеген азаматтармен тығыз қарым-қатынаста болды. Қазақстан компартиясының бұрынғы бірінші хатшысы Жұмабек Шаяхметов, сол кездегі ел басшысы Дінмұхамед Қонаевтардан бастап, Ұлы Отан соғысының батырлары Бауыржан Момышұлы, Рахымжан Қошқарбаев, композитор Нұрғиса Тілендиев сияқты көптеген дарынды бауырларымен, замандастарымен араласатын. Мәскеуде де достары көп болды. КСРО халық суретшісі, скульптор-монументалист, Волгоградтағы Мамай қорғанындағы «Родина – мать зовет», «Белгісіз солдат», Нью-Йорктегі БҰҰ штаб-квартирасының алдында тұрған «Перекуем мечь на орало» аталатын мемо-

риалдық ескерткіштердің авторы Евгений Вучетич әкемнің досы болған, үйге келіп тұратын. «Сіздің музыкалық аспапта ойнап отырғандағы ішкі дүниенің бет-бейнеңізден көрсетуім керек» деп, домбыра шерткізіп қойып ескерткіштің кескінін жасағаны есімде. Жұмысы ұзаққа созылды, өйткені 1970 жылы Лениннің 100 жылдығына 80 мүсінін жасауға тапсырыс алған екен. Вучетичтің үстіне шапан кигізіп, «көбелек» галстук тағып жасаған мүсін қазір әкемнің зиратында тұр.

Ол кездің ақын-жазушылары, өнер адамдары, жалпы, зиялы қауымы ерекше еді. Олар бір-бірін үлгі тұтып, үлкенге сый-құрмет, кішіге ізет көрсететін. Әкемізбен көшеде жүргенде олармен кездесіп қалсақ, мандайымыздан иіскеп, бөкебайымызды немесе баскимімізді түзеп, ерекше мейіріммен әкелік қамқорлық танытатын. Осының барлығы түсінген адамға тәлім-тәрбие. Оны біз,

балалар да, сезінетінбіз. Біз солай тәрбиелендік.

– Қазақ «Алдыңғы арба қалай жүрсе, соңғы арба солай жүреді» деген сөз бар. Әкеңіз сазгер, академик, үйдің тұңғышы Фазиза Ахметқызы да музыка саласының академигі, сіз қалайша биология ғылымын таңдадыңыз?

– Жанұямызда ешқайсымызды музыкаға міндеттеген жоқ. Бірақ Фазиза жастайынан музыкаға әуестенді. Қайыр ағамды музыка мектебіне скрипка сынбына берді. Роза екеуміз фортепьяно сынбына бардық. Болат әнді жақсы айтатын, ол музыкаға бармады. Қайыр музыка мектебінде екі жыл ғана оқып, өзі шығып кетті. Саяси репрессияға ұшыраған Жұбановтың отбасы музыкалық білім алуға құқы жоқ деп, Роза екеумізді шығарып жіберді. Фазиза мектепті алтын медальмен бітірді, сонымен қатар музыкалық училищенің үздік дипломын алып, Мәскеу консерваториясына оқуға кетті. Роза болса Алматы консерваториясына түсті. Мен барлық пәндерден сабақты жақсы оқыдым, мектеп бітіретін жылдары Мәскеу мемлекеттік университетінің (МГУ) жаңа ғимараты салынды. Ертегідей болып көрінген осы оқу орнына түсу менің арманым болды. Осылайша мен әкемнің рұқсатымен МГУ-дің биология факультетін таңдадым. Қазақстаннан сегіз квота бар екен, бірақ оны қалалық комитет алдын ала бөліп қойған болып шықты. Сөйтіп, маған квота берілмеді, Мәскеуге өзім барып, емтихандарды жақсы тапсырып оқуға түстім. Бұл жеке бір әңгіме болатын тарих. Ал биологияны таңдағаным – алдымдағы екі ағам химия факультетінде оқыған. Мен соларға ұқсағым келді, бірақ химияны емес, қыздардың жұмыс істеуіне ыңғайлы биологияны қол көрдім. Таңдауымның нәтижелі болғанын өздеріңіз көріп отырсыздар.

– Ажар Ахметқызы, сізді әріптестеріңіз ғылыми ұжымдарды өз төңірегінде топтастыра алатын, олардың алдында ғылыми міндеттер мен мәселелерді қоя білетін, сондай-ақ ұжымда жақсы қызмет атқара алатын, басшының жауапкершілігін терең сезінетін ғалым ретінде жоғары бағалайды. Сол әріптестеріңізге, жақ ғалымдарға қандай бата берер едіңіз?

– Мен бақытты адаммын. Өйткені менің ата-анам, ағаларым ұлы адамдар. Бізді елімізді сүйе, бір-бірімізді сыйлап, жақсы көруге, өз жұмысымызды жақсы атқаруға тәрбиеледі. Бақытты болу үшін еңбек ету керек, бәрі маңдай термен келеді. Өмірдің ең қызығы – өмірдің өзі. Ең бастысы – өмірдегі өз орныңды табу. Адам жұмысына жан-тәнімен беріліп, барлық күш-жігерін салса, сонда ғана жақсы нәтиже болады. Ал істеп жүрген жұмысына немқұрайды қараған адам ештеңені бітirmейді. Ол үшін жұмысыңды жақсы көруің керек. Менің ғылымдағы жетістіктерімнің барлығы үлкен ғылымға, биология саласына деген сүйіспеншіліктің нәтижесі.

– Әңгімеңізге рақмет.

Сұхбаттасқан
Қайыржан ТӨРЕЖАНОВ

Ажар Ахметқызы Жұбанова – жаратылыстану ғылымдарының Қазақ ұлттық академиясының академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Биотехнология кафедрасының профессоры, 1964 жылы М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің биология-топырақтану факультетін «Өсімдіктер физиологиясы» мамандығы бойынша бітірген. 1964-66 жылдары С.М.Киров атындағы ҚазМУ-дың биология факультетіндегі «Өсімдіктер физиологиясы мен биохимиясы» кафедрасында аға зертханашы, 1966-75 жылдары онкология және ҚР ДМ радиология ФЗИ-да ісіктердің биохимиясы зертханасында кіші ғылыми қызметкер болды. 1974 жылы АМН КСРО зерттеу және клиникалық онкология институтында «Онкология» мамандығы бойынша кандидаттық диссертациясын қорғаған.

Ажар Ахметқызы Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дағы педагогикалық қызметін 1986 жылы Микробиология кафедрасында бастады. Содан бергі педагогикалық-ғылыми жолы осы ЖОО-мен тығыз байланыста. 1995 жылы «Микробиология» мамандығы бойынша докторлық диссертациясын қорғап, келесі жылы профессор ғылыми атағын алды. 1996-2001 жылдары Микробиология кафедрасының профессоры, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ғылыми кеңесінің хатшысы, 2000-2001 жылдары биология факультетінің деканы болды.

Сол кездерден бастап ғылымның бастауымен ғылыми зерттеулерді жоспарлаудың жаңашылдық әдістерін енгізілген, атқарылған жұмыстар мен тәжірибелер нәтижелері жаңа биотехнологияның туындауына ғана емес, оқу процесінің барлық сатысында қолдануға мүмкіндік алды. Ажар Ахметқызы елімізде ғылыми кадрлар даярлау ісіне үлкен үлес қосты. Оның жетекшілігімен бес ғылым докторы, 20-дан астам ғылым кандидаты, үш PhD докторлары даярланды, 600-ден астам ғылыми еңбегі жарық көрген. Бүгінгі күні ғалымның бастауымен екі ғылыми жоба жүзеге асырылуда.

Профессор А.Жұбанова көптеген жылдар бойы Биология ғылымдары эксперименттік кеңесінің мүшесі, кейіннен төрайымы, ҚР БҒМ ЖАК президиумының мүшесі, ҚР БҒМ ҰБО ФТК мүшесі болды. Сондай-ақ биология бағытындағы «Биотехнология. Теория и практика» (ҚР БҒМ ҰБО), Science of Central Asia (Kazakhstan) және J. of Biology and Chemistry (KazNU), Molecular and Biological Machine сияқты ғылыми журналдардың, монографиялардың басуға дайындайтын Springer – Verlag GmbH Berlin Heidelberg баспасының редакциялық кеңесінің мүшесі.

Ажар Жұбанованың Қазақстандағы жоғары білімді қайта құруда еңбегі зор. «Биотехнология», «Экология» және «Медико-биологиялық іс» типтік бағдарламаларын сараптауда оқыту әдістемесінің және тәрбиелеу жұмыстарының тиімділігі үшін жаңа оқыту формасын енгізуге, әдістемелік оқыту құжаттарын дайындауға атсалысты. Орыс және қазақ тілінде әдістемелік оқыту құралдарын, Ядролық физика институтымен бірігіп жүргізілген «Экологиялық дүрбелеңнен кейінгі топырақ биоремедиациясы» курсына жазған бағдарламалары Қазақстанның «Сорос» қоры конкурсында жеңіске жетті.

Ғалым-педагог А.Жұбанова студенттерге, магистранттар мен PhD докторанттарға қазақ және орыс тілдерінде жоғары деңгейде ғылыми-методикалық дәріс оқиды. Ғалымның ғылыми-зерттеу жұмыстары микробиологияның, биотехнологияның және экологияның маңызды мәселелерін шешуге бағытталған. Оның зерттеулер нәтижелері – этанол, сүт қышқылы, микроорганизмдердің и.м.мобилизденген клеткалары көмегімен ферменттелген сусындар алу әдістері ҚР-ның алты патентімен бекітілген.

Ғылым мен білім жолындағы зор еңбегі үшін Ажар Ахметқызы «ҚР білім беру ісінің құрметті қызметкері», «Астананың 10 жылдығы» төсбелгілерінің, «ЖОО-ның үздік оқытушысы» атағының иесі. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың «Үлкен Күміс», «Үлкен Алтын» медальдарымен және «Құрмет» орденімен марапатталған.

Жеті ғасыр өтті. 750 жыл тарих қойнауында қалды. Ұлық ұлыстың ұрпақтары ретінде бұрынғы тарихқа бүгінгі көзқараспен қайта қарауды жөн санап отырмыз. Осы мақсатта Ұлттық ғылым академиясының академигі, профессор Берекет Кәрібаевпен сұхбаттасқан едік. Ғалым Алтын Орданың сол кездегі мемлекеттік құрылымдарға алып келген өзгерістері, қазақ тарихындағы алатын орны туралы пікірімен бөлісті.

– Берекет аға, ең бірінші ойға оралған сұрақ – Қазақ хандығы Алтын Орданың тікелей мұрагері деп айта аламыз ба?

– Алтын Орда – Дешті Қыпшақ аумағында немесе Еуразияның далалық аумағында XIII ғасырдың басынан XVI ғасырдың алғашқы жылына дейін өмір сүрген империя. Алтын Орда ыдыраған кезде одан 6-7 мем-

лекет бөлініп кетті. Бірінші бөлінген – Ақ Орда, одан кейін – Әбілқайыр хандығы, одан Қазақ хандығы шығады. Сонымен бірге Сібір хандығы, Қырым хандығы, Қазан хандығы, Ноғай ордасы және Астрахан хандықтары бар. Осылардың әрқайсысы да Алтын Орданың тікелей мұрагеріміз деп айта алады. Екіншісі – Қазан татарлары, қазіргі Татарстан Республикасы. Бірақ олар Ресей Федерациясының құрамында, үшіншісі – Қырым татарлары, бірақ оларда, өкінішке қарай, мемлекеттік құрылым жоқ, халық бар. Қазіргі есеп бойынша Қырымда 100 мыңдай қырым татарлары саналатын ұлт бар. Ал Астрахан, Сібір татарлары сіңісіп кетті. Алтын Орда ыдыраған кездегі оның орталық бөлігіндегі мемлекет Үлкен орда деп аталды да, оның тұрғындарының бірі Қазақ хандығының, бірі Қазан хандығының, енді бірі Қырым хандықтарының құрамында кетті. Сондықтан дәл қазір мемлекет болып отырған Алтын Орданың екі мұрагері бар. Олар: Қазақ хандығы мен Татарстан. Ал этникалық жағынан келгенде қырым татарлары да, қарақалпақтар да, түркі тілдес үлкенді-кішілі жойылып бара жатқан халықтар да өздерін Алтын Орданың мұрагеріміз деп айта алады. Бірақ қазіргі таңда Алтын Орданың құрамынан бөлінген елдердің арасынан жалғыз қазақ халқы ғана дербес мемлекет қалыптастырып отыр.

– Алып империяның атауына қатысты қандай пікірлесіз?

– Алтын Орда алғашқы кезде Жошы ұлысының негізінде құрылған. Шыңғыс хан Хорезм мен Қыпшақ хандығын жаулап алғаннан кейін Моңғол мемлекетінің территориясы екі есеге ұлғайып, империяға айналды. Шыңғыс хан бүкіл жаулап алған жерін бәйбішесінен туған төрт ұлына бөліп берді. Қазақ даласы үлкен ұлы Жошының үлесіне тиді. Сондықтан сол жерлердің барлығы ұлдарының атауымен Үгедей ұлысы, Шағатай ұлысы деп атала бастады.

1236-1242 жылдар аралығында тарихтан белгілі, Батый-



Алтын Орда – алып империя



Жошы ұлысы, кейбір жерлерде Алтын Орда деп атай бастаған. 1826 жылы Ресейдің императорлық ғылым академиясы конкурс жариялайды. Байқаудың мақсаты моңғолдардың орыс жерлерін жаулап алуы арқылы оның мәдениетіне, ішкі құрылымына тигізген кері және оң әсерін анықтау болды. Жүлдеге сол кездің құнымен 100 червонец ақша тағайындалады. 1829 жылға дейін ешқандай жұмыс түспейді. Өйткені байқау талаптары өте қатаң болды.

1832 жылы қайта байқау жарияланғанда австриялық неміс ғалымы Хаммер Пургшталь 1845 беттен тұратын қолжазбасын ұсынады. Оны академия комиссиясы «Иран тарихына көбірек тоқталған, деректері үстірт» деген сылтаумен қабылдамай қояды. Ғалым оны қайта жөндегендей болып, 1840 жылы сол кездегі Пешт (Будапешт) қаласында «История Золотой Орды» деген монографиясын шығарады. Бұл – айналып келгенде, Еуропадағы алғашқы Алтын Орда тарихына арнап жазылған көлемді монографиялық еңбек. Алғашында Жошы ұлысы деген термин көбірек кездессе, осыдан кейін Алтын Орда деген атау жиі қолданыла бастайды. Ал Алтын Орда деген сөздің өзі қайдан пайда болды? Бұл сол кездегі деректерге байланысты. Мысалы, Ибн Батута дейтін араб саяхатшысы Өзбек ханның ордасына келген кезде хан ордасын

«алтындатылған шатыр» деп суреттейді. Алғашында бұл ханның ордасына қатысты айтылса, бара-бара мемлекет атауына айналып кетті.

– Ұлық ұлысты өз кезеңіндегі саяси күшке не мемлекет ретінде қарастыруға бола ма?

– Жошы ұлысы үш ғасырлық тарих деуге болады. Осы уақыт аралығында қазақ этногенезіне, мәдениеті мен әдебиетіне, мемлекеттік құрылымына көп ықпал етті. Сол сияқты бүкіл Еуразия аумағындағы түркітәлді халықтар мен Жошы ұлысына тәуелді болған орыс халқының елдігіне әсер етті. Өйткені Литва князьдығы, поляктар мен шведтер, немістер орыстарға жиі шабуыл жасап отырды. Ал Алтын Орда бытырап жатқан орыс жеріндегі князьдықтардың басын біріктіріп, жерін сақтап қалуына көп көмектесіп, тарихына оң ықпал етті деп айта аламыз. Әрине, кеңестік тарихнамада Алтын Орда шабуыл жасаған елдердің дамуын тежеді дейді. Дегенмен прогрессивті маңызы сонда – өзіне бағынысты орыс князьдықтарының мемлекеттік құрылымын жойып жібермей, дінін, тілін сақтап қалды. Тек қана сырттай қорғады, сол үшін салық салып отырды. Кейіннен Мәскеу князьдығы өзінің айналасындағы 50 шақты князьдықты әртүрлі жолдармен бағындыра бастады. Нәтижесінде Еуропада Московия деген мем-

лекет пайда болды. Алтын Орда орыс князьдықтарының бірігіп, бір мемлекет болып қалыптасуына ықпал етті.

Сол кездегі алпауыт мемлекеттер: Алтын Орда, Ирандағы Құлағулар әулеті, Египеттегі әмірліктер. Осы үшеуі Еуразия аумағындағы негізгі саяси күшке ие болды. Геосаясат жағдайында бір-бірімен күресті. XIII-XV ғасырларда Алтын Ордаға Египеттен көптеген елшілер, саяхатшылар мен географ ғалымдар келді. Солардан қалған жазба деректердің негізінде кейіннен құнды-құнды еңбектер жарық көрді. Алтын Орда әскери тұрғыда қуатты болғандықтан, Еуропа мемлекеттері онымен санасуына тура келді. Қытайдағы мемлекеттік құрылымның элементтері Алтын Ордада болса, одан Московияға, кейіннен Ресей империясына әсер етті. Егер ол кездегісоқ мемлекет болса, онда із-түзсіз кеткен болар еді. Объективті болғандықтан шығар, ол өзінің негізгі функциясын орындады.

– Алтын Орда мен Қыпшақ хандығы дәуіріндегі мемлекеттік құрылымның айырмасы неде болды?

– Алтын Орданың алғашқы жүзжылдығында этникалық тарихи тұрғыдан қыпшақтану процесі жүрді. Алтын Ордаға дейін бұл аумақта қыпшақтар ғана болды. Дешті Қыпшақ хандығы құрылып, кейін ол екіге бөлініп

кетті. Сығанақ жағындағы бір бөлігін елбөрі деген рудан шыққан династия биледі. Тоқсаба дейтін ру Маңғыстау жағында болды. Қыпшақ хандығының ыдырауы сол кездегі заңды құбылыс. Неге десеңіз, қыпшақ қоғамдық қатынасы әлсіз саналатын ерте феодалдық қатынастарға негізделді. Олардағы билік жүйесі бір-біріне бағынбайтын: атқарушы, заң шығарушы және сот билігі деген үш бөліктен тұратын. Үшеуі бір-бірінен дербес еді. Ал Шыңғыс хан құрған мемлекеттік жүйенің мықтылығы осы үшеуін біріктіріп, бір өзі басқарды. Ол дамыған феодалдық қатынастарға тән.

Этникалық үдерістердің даму барысы өз кезеңіндегі тарихи даму барысымен тікелей байланысты және оны жалпы тарихи дамудан бөліп қарау мүмкін емес. Тарихи дамулардағы барлық факторлар этникалық үдерістерге өз ықпалын тигізіп отырады. Кей жағдайларда оның дамуына қолайлы жағдайлар жасаса, кейде оны уақытша болса да тежейді. Бірақ үдерісті тоқтата алмайды. XIII ғасыр басындағы моңғол жаулап алуы қазақ тарихында жаңа бір дәуірді – Алтын Орда дәуірін қалыптастырды. Осы дәуірдің алғашқы кезеңіндегі Жошы ұлысында, одан кейінгі Алтын Ордада болған барлық тарихи жағдайлар этникалық үдерістерге де өз әсерін тигізді.

– Қазақ даласындағы мемлекеттік құрылымды түбегейлі өзгерте алған алып орда өз деңгейіне лайықты тарихи бағасын алды ма?

– Алтын Орданы зерттеуді қолға алғаннан кейін оны тарихи тұрғыда бағалау барысында асыра сілтейтін жазбаларға куә боламыз. Мәселен, «Алтын Орда – қазақ халқының алтын бесігі» деу асыра айтқандық. «Бесігі» деген сөз «генезисі содан басталды» дегенді білдіреді. Ал қазақ мемлекеттілігінің 3000 жылдай тарихы бар. Еліміздің тарих ғылымында қазақ этногенезінің басталуы кем дегенде қола дәуірінен басталады деген ғылыми тұжырым берік орныққан. Сол қола дәуірінен қазақ этносының тарих төріне көтеріліп, көршілес елдерге танымал болған XV ғасырға дейінгі 3000 жылдық тарихи дәуір – қазақ этносының қалыптасу жолы делінеді де, ол өз ішінде ірі-ірі бірнеше кезеңге бөлінеді. Олар қола дәуіріндегі этникалық кезең, скиф-сақ дәуіріндегі, ғұн-үйсін дәуіріндегі, түрік дәуіріндегі, оғыз-қыпшақ дәуіріндегі және Алтын Орда мен Ақ Орда дәуірлеріндегі этникалық кезеңдер деп аталады. Соңғы кезең уақыт жағынан алғанда XIII ғасырдың басы мен XV ғасырдың ортасы аралықтарына қамтиды.

Қазақ халқында этникалық процестердің қозғаушы күшіне бірнеше ру-тайпалардың бір типті шаруашылық түрімен айналысуы жатады. Бұл – көшпелі мал шаруашылығы. Ол б.э.д. XV-XVI ғасырларда пайда болған. 1930 жылдары Кеңес өкіметі оны күштеп тоқтатты. Бір сөзбен айтқанда, қазақы болмысымыздың негізінде осы көшпелі мал шаруашылығы жатыр. Демек, Алтын Орда – қазақ мемлекеттілігінің тарихында өзіндік орны бар белесті кезеңнің бірі.

– Әңгімеңізге рақмет.

**Сұхбаттасқан
Кәмила ЕРКІНҚЫЗЫ**

Өткенге барлап қарасақ, тәуелсіздіктің 30 жылдығында жасалған елеулі жұмыс аз емес. Ол туралы Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында кеңінен атап өткен болатын. «Болашақ» бағдарламасы бүгінге дейін қаншама жастардың шетелдерде білімін шыңдауына жол ашты. «Болашақ» түлектері қазіргі уақытта атқарушы биліктің әртүрлі саласында елге қызмет етуде. Пәндік олимпиада жеңімпаздары халықаралық додаларда үнемі алтын, күміс, қола медальдарымен халықты қуанытып келеді. Оксфорд, Кембридж сынды әлемнің үздік оқу орындарына қазақстандық азаматтардың түсуіне осы тәуелсіздіктен кейін кең жол ашылды. «Білім-инновация» лицейлері, Назарбаев зияткерлік мектептері, Республикалық физика-математика мектебі секілді айтулы білім ошақтарының жетістіктерін көрген сайын тәуелсіз ел ретінде болашаққа деген үміт пен сенім күшейе түседі.

Құдайберді БАҒАШАРОВ, PhD, қауымдастырылған профессор:

Қоғамда рухани ізденіс күшейді

Жуырда мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы жан-жақты сарапталған, терең саяси-философиялық мәні бар көлемді мақаласын жариялаған болатын. Тәуелсіздіктің 30 жылын шартты түрде үш онжылдық белеске бөле отырып, оның әрқайсысы атқарған миссиясы тұрғысынан ғасырдың жүгін арқалап тұрғанына назар аударған. Дегенмен Президент алдағы төртінші онжылдықтың жүктейтін міндеті – қуатты елдің иесі және кемел халық болу екенін баса айтады. Бұл жолда саяси-экономикалық реформаларды және сананы жаңғырту үдерісін жалғастырып, заман талабына бейімделген ұлттың жаңа болмысын қалыптастыру күн тәртібінде тұрғанын ұқтырады. Бұл тұрғыда ол: «Біз әділетті қоғам мен тиімді мемлекет құруды көздеп отырмыз. Кез келген істе әділдік қағидатын басшылыққа алсақ, бұған анық қол жеткіземіз», – деп, негізгі мәселе әділетті қоғам құру екенін нақтылап өтеді. Әділетті қоғам құру жолында біздің саланың да атқарып жатқан еңбегі үштен-еңіс.

Философия және саясаттану факультетінің университет дамуына қосып жатқан үлесі аз емес. Айталық, университетіміз Елбасы Н.Назарбаев тапсырған және Қазақстан Республикасының білім және ғылым саласын дамытудың мемлекеттік бағдарламасына енгізілген, 2020 жылы әлемнің ең үздік 200 жоғары оқу орындарының қатарына кем дегенде екі қазақстандық ЖОО-ның кіруі міндетін абыроймен орындап шықты. Қазақстандық университет QS жаһандық рейтингінде 165-орынға көтеріліп, феноменалды серпіліс жасады. ҚазҰУ халықаралық ғылым және білім кеңістігіндегі өзінің әлемдік көшбасшы университеттер қатарында екенін дәлелдеді. Міне, университеттің осындай биік деңгейден көрінуіне әр факультет аянбай күш салғаны белгілі.

Философия және саясаттану факультеті 10 мамандық бойынша мамандар даярлайды, Ресейдің жетекші университеттерімен бірге қос дипломды білім беру бағдарламасын, шетелдің алдыңғы қатарлы оқу орындарымен бірге білім беру бағдарламаларын жүзеге асырады. Факультетте қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде білім беріледі. Факультет бағдарламалары шығармашылық ойлау қабілетін қалыптастыруға бағытталған, ақпаратты жаңа сапалы

деңгейде алуға, жүйелік байланыстарды түсінуге көмектеседі. Факультет құрамындағы алты кафедрадағы белгілі ғалымдар, білікті педагогтер сала мамандарының жақсы қалыптасуына бар күшін салып келеді. Осы кафедралардың бірі – Дінтану және мәдениеттану кафедрасы. Кафедра негізінен дінтану, мәдениеттану және исламтану мамандарын даярлаумен шұғылданады. Жуырда факультет деканы, ф.ғ.д., проф. Ә.Рымғазықызымен қатар, кафедраның профессорлық оқытушылық құрамынан ф.ғ.д., проф. А.Құрманалиева, ф.ғ.д., проф. К.Бишманов және мен Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Дін істері комитеті басшысының қолынан алғыс хат алдық.

Студенттеріміз де түрлі жобалардан марапаттар алып қуанып жатады. Мысалға, биыл «Фараби әлемі» атты халықаралық ғылыми конференцияда дінтану секциясы бойынша студентіміз Алуа Әуелбек бірінші орын алса, осы конференцияда мәдениеттану секциясы бойынша Нәзира Нәбиева бірінші орынды иеленді. Қазақстан жоғары оқу орындары студенттерінің XIII республикалық пәндік олимпиадасының II кезеңінде де студенттеріміз дін және теология бойынша екінші орын алып қуантып. Бұдан басқа да, тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай өткізілген түрлі байқауларда жүлделі орын алып жатқан студенттеріміз аз емес. Факультет, кафедра ретінде ең негізгі міндеті – сала мамандарын даярлау. Бұл бағытта даярланған мамандар тиісті салаларда жемісті еңбек етіп келеді. Бұл біз үшін үлкен жетістік және зор қуаныш.

Тәуелсіздік жылдары осы іспетті мамандардың қалыптасуы мемлекетіміздің білім алуға жасаған қамқорлығының арқасы дер едім. Біз дінтанушы мамандар ретінде қоғамдағы дін мәселелеріне әрдайым құлақ түріп, өзіміз де мемлекеттік органдармен бірлесіп осы бағытта жұмыстар жасап келеміз. 2017-20 жылдары «Зайырлы мемлекетте дін мен дәстүр сабақтастығы» атты докторлық диссертация тақырыбында PhD докторын қорғап, ғылыми жетекші болдым. Ғылыми бағытта 2019 жылдан бері Философия, саясаттану және дінтану институтында «Әл-Фараби» ғылыми журналына, 2020 жылдан бері ҚазҰУ хабаршысы – «Дінтану» ғылыми журналында да сарапшылыққа қатысудамын. Яғни дінтану,

исламтану бағытында жазылған ғылыми мақалаларды сараптап, сұрыптап, талдап, қажет болса авторына қайтарып, түзеттіріп отырамыз. Бұл да бір тәуелсіздік жылдарындағы рухани-ағарту жұмыстарына қосылған үлесіміз болар деп ойлаймын.

2011-14 жылдары «Исламдағы толеранттылық дәстүр» тақырыбындағы ғылыми жобаға қатыстық. Өздеріңіз білесіздер, мемлекетіміз түрлі этнос өкілдері мен конфессия өкілдерінің бірлігін жарастыруда толеранттылыққа ерекше көңіл бөледі. Осы орайда, біз ғылыми жоба ретінде дәстүрлі ислам дініндегі толеранттылық негіздерді қарастырдық. Бұдан басқа да, Алматы қаласы дін істері басқармасының әлеуметтік тапсырысы

САПАЛЫ ҚҰРЫЛЫС САЛУ, САПАЛЫ МАМАН ДАЯРЛАУ СИЯҚТЫ ОНЫҢ МЫСАЛДАРЫН КӨПТЕП КЕЛТІРУГЕ БОЛАДЫ. СОНДЫҚТАН ЖАҢАЛАНУ МЕН ӨЗГЕРУ САПАҒА ҚАРАЙ БАҒЫТТАЛУЫ ТИІС. ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫ АТЕИСТІК ЖҮЙЕДЕН ШЫҚҚАН ЕЛІМІЗ ДӘСТҮРЛІ ДІНГЕ БЕТ БҰРА БАСТАДЫ. ОСЫ ОРАЙДА, ҚОҒАМДА РУХАНИ ІЗДЕНІС КҮШЕЙДІ. ОСЫ ЖЫЛДАРЫ 300-ДЕН АСТАМ ТҮРЛІ ИСЛАМДЫҚ БАҒЫТТАҒЫ ӘДБИЕТТЕР ШЫҒАРДЫҚ. БҮЛ ДА ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ РУХАНИ АҒАRTУ ЖҰМЫСТАРЫНДАҒЫ ҮЛКЕН ӨЗГЕРІС БОЛДЫ ДЕП ОЙЛАЙМЫН. СЕБЕБІ ТӘУЕЛСІЗДІК АЛҒАЛЫ БЕРІ ДІН ҒЫЛЫМЫНА БАРЫНША ДЕН ҚОЙЫЛЫП, НАЗАР АУДАРЫЛЫП ЖАТЫР.

аясында көптеген жобаларды өткіздік. Әдетте бұл жобалар ел ішінде дін туралы заңдарды, дін саласындағы өзекті мәселелерді түсіндіруге бағытталады. Мысалға, 2017-18 жылдары «Перспектива» ақпараттық кеңес беру тобы» қоғамдық қорының «Дін саласындағы заңнамаға енгізілетін өзгерістерді халыққа түсіндіру» бойынша Алматы қаласы дін істері басқармасының әлеуметтік тапсырысы, 2017-18 жылдары Алматы облысы дін істері басқармасы ұйымдастырған «Рухани керуен» жобасы, 2020 жылы Алматы қаласында Best center of all levels қоғамдық қоры ұйымдастырған «Дін мен дәстүр» әлеуметтік жобалары осындай мақсатта өткізілген жобаларға жатады. Осындай жобаларда білікті мамандар ретінде әрдайым қатысып, халыққа дін мәселесін түсіндіріп отырамыз. Әрине, мұндай шаралар көбіне елде діни экстремизмге жол бермеу мақсатын көздейді. Бұдан бөлек, кейде Мониторинг және талдау орталығы ұйымдастырған Алматы қалалық дінтанушы ұстаздардың біліктілігін арттыру курстарын жүргіземіз. Мұндай



жобаны университеттегі Дінтану және мәдениеттану кафедрасы, кейде Алматы облысы дін істері басқармасы да ұйымдастырады.

Факультетімізде «Өзгеріс философиясы» атты ғылыми конференция өтті. Өзгеріс қай кезде де керек. Өйткені жер-жаһанда барлық нәрсе сәт сайын өзгерісті бастан кешуде. Идеялар мен көзқарастар да өзгеріп, уақытымен пісіп-жетіледі. Жаңа заман тіпті шұғыл өзгерістерге толы. Бұл жаңа дүниелерге тез бейімделуді қажет етеді. Жаңа заманда барлық нәрсе өзгеріп, жаңалануда. Бізге осы тұрғыда жасаған істердің сапалы болуына деген талапты күшейту керек. Өйткені сапа болмаса, не істесең де бәрі бекер. Сапасыз

топтарының мүшелерін даярлау және қайта даярлау бойынша жұмыстарды ұйымдастыру» гранттық жобасы аясында сол облыстардағы мамандар қатысты. Мемлекетіміз дінтану саласына көбірек грант бөлу арқылы мамандар даярлауға ерекше мән бере бастады. Сол себепті Дінтану және мәдениеттану кафедрасының атқарған қызметі орасан зор деуге болады.

Бүгінде кафедрамыз елге кең танымал. Ондағы оқытушы профессорлық құрам негізінен беделді ғалымдардан құралған. Қазіргі уақытта дінтану, исламтану, мәдениеттану мамандықтары бакалавриат, магистратура, докторантура академиялық деңгейлерінде даярланады. Бұл өте үлкен жетістік. Бізде даярлықтан өткен мамандар республиканың түкпір-түкпірінде жауапты қызметтер атқарып жүр. Бұл егемен елдің азаматтарына қай салада болсын қарыштап дами түсуіне мүмкіншілік мол дегенді білдіреді. Азды-көпті еңбегіміз тәуелсіздігіміздің одан әрі нығайып, өркендей түсуіне қызмет етер деп үміттенемін. Біздің жетістік – егемендігіміздің жемісі.

Шәкірттеріміздің өз саласында еңбек етуі, тіпті өз саласында жетекші мамандар ретінде қызмет жасап жүргені қуантады. Бір ғана Алматы облысының бірнеше ауданында дін істері бойынша жетекші мамандар қатары біздің түлектерден құралған. Тіпті басқа облыстарда да еңбек етіп, азаматтық борышын атқарып жатыр. Біз үшін түлектеріміздің өз мамандығын жақсы көріп, толық меңгеріп, сол салада еңбек етуі үлкен қуаныш. Шәкірттеріміз университет қабырғасындағы жылдарда мамандықты игергенмен, сол салада кәсібилікті шыңдау өмір бойы жалғасады. Ешқашан болдым, толдым деп тоқмейілуге болмайды. Қазақ «Білгенім – бір тоғыз, білмегенім – тоқсан тоғыз» дейді. Сондықтан түлектер өмір бойы оқу мен ізденуін жалғастыруы керек. Өмірдің мәні үйрену және үйренгенненді басқаларға үйрету болса керек. Ешқашан үйрену мен үйретуден қол үзбеу керек. Студенттеріміздің болашағынан мол үміт күтеміз. Қазіргі заман мүмкіндіктерге толы. Студенттеріміз әлі-ақ қоғамның кетігін тауып қаланып, өзін жан-жақты көрсете біледі деп ойлаймын.

Дайындаған
Нұрбек НҮРЖАНҰЛЫ

Географиялық ақпараттық жүйелер – бұл көптеген салаларда, соның ішінде көлік қатынасында тиімді ақпараттық технология. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіндегі Жерді қашықтықтан зондтау орталығының директоры Бақыт Сахариевтің айтуынша, көлік инфрақұрылымына қызмет көрсететін мамандарға және тасымалдаушылар мен жолаушыларға көлік желілері мен объектілері туралы ақпарат қажет. Ал қазіргі карталар заманауи талаптарға толық сай келеді деу қиын.



Цифрлық теміржол моделі МҮМКІНДІКТЕРІ ҚАНДАЙ?

Геоақпараттық жүйе (ГАЗ) түрінде ұсынылатын теміржол моделі қазіргі уақытта осы саладағы кез келген кәсіпорынның өндірістік қызметінің негізін құрайды. Теміржолдарды пайдалану саласындағы әлемдік тәжірибе көрсеткендей, бұл ағымдағы және перспективалық жоспарлау мен жобалауды және теміржол жұмысын жедел жүргізу үшін қажет. Орталық басшысының айтуынша, қазір көлік қатынасы туралы ақпаратты қажет ететін пайдаланушылардың ауқымы кең. Бірақ қазіргі отандық теміржол саласында ҚазҰУ мамандары ұсынып отырғандай электронды-векторлық карта жоқ.

– Олардың қолында тек растрлық карта (картаның сканерленген көшірмесі – ред.) бар, – дейді Бақыт Сембайұлы. – Ал біз жасайтын электронды картаны бірнеше рет редакциялап өзгертуге, веб-порталға шығаруға болады әрі интернет қолданушыларына қолжетімді. Қазіргі заманда авто және теміржолдың электронды карталары тек сол саланың қызметкерлеріне ғана емес, жолаушыларға, жол жөндеушілерге, диспетчерлерге керек. Мысалы, жеке теміржол компанияларын Көлік комитеті бақылайды. Осы тұрғыда электронды карта өте пайдалы. Өйткені теміржолдың әрбір сантиметріне дейін көріп отыруға мүмкіндік береді.

Уақыт өте келе, ғарыштық

түсірілімдерді пайдаланып, жаңадан түскен жолдарды, өзгерістерді енгізуге болады. Электронды картаның ішінде мәліметтер базасы бар. Теміржол қасындағы стансалар, инфрақұрылымдар мен жол өткелдерін семафордан бастап, әрбір рельске дейін картаға тіркеу қиындық туғызбайды. Қазіргі ғарыштық технологиялардың мүмкіндіктері осындай. АҚШ, Франция, Қытайдың жер серіктері 1 метр немесе 33 сантиметрді 1 пиксельге сыйғызып түсіре алады.

– Мұндай жағдайда біз кез келген рельстің шпалаларын көріп отырамыз. Электронды карта жасау барысында біз ғарыштан түсірілген кескіндерді ғана қолданбаймыз. Кейбір учаскелерде дронды немесе лазерді пайдалана отырып, барлығын біріктіріп интеграциялау арқылы маңызды электронды жүйе жасаймыз. Мысалы, жұмысшы теміржолдың кез келген жеріндегі ақауды электронды картаға планшет арқылы белгілеп көрсетеді. Диспетчер сол арқылы өздерінің ситуациялық орталықтарына хабар береді. Ары қарай басшылар қалай әрекет етуге болатынын шешеді, – дейді директор.

Бұл технологиялардың көмегімен қаражат көлемін оптимизациялауға болатыны айтпаса да түсінікті. Өйткені мамандар теміржолдың ұзындығын координат бойынша анық біледі. Теміржолға қанша



тас керек, рельстің ұзындығы, қанша электр сымы қажеттігі жөнінде дәл мәліметтер болғандықтан, компания артық шығынға ұшырамайды.

Қазіргі таңда диспетчерлер пойыздың қайда кетіп бара жатқанын машинистердің айтуы арқылы белгілеп отырады. Ал электронды жүйе арқылы картадан объектінің орналасқан жерін көріп отырасыз. Әрбір пайдаланушыға рұқсат етілген ақпарат көлемі әртүрлі. Мәселен, мамандарға арналған мәліметтер базасындағы кестелер жолаушыларға қолжетімсіз. Оларға тек жолдың бағыты, жол бойындағы стансалар туралы ақпарат қана ұсынылады.

– Мұндай жұмыспен бұрын да айналысқанбыз. Мысалы, осыған дейін «Алматы-1» теміржол вокзалын ғарыштан түсір-

ген кезімізде 1 пиксельге 50 сантиметр сыятындай кескінге қол жеткіздік. Сондықтан бұл жерде рельстерді анық көреміз. Біз бұл түсірілімдерді векторизация жасаймыз, яғни суреттегі жолдарды сызып көрсетеміз. Бұл компьютерде өте аз орын қажет етеді. Ал ғарыштық суреттер көп орын алады. Өйткені суреттің әрбір нүктесі файлға жазылады. Ал векторлық картада әрбір сызық бағдарламада функциямен жазылады. Мысалы, ғарыштық сурет 100-500 мегабайт болуы мүмкін. Ал осыны векторизация жасасақ, көп болса 50 килобайт болады. Векторизацияда үш қана объект болады: нүкте, сызық, полигон. Осы үшеуімен электронды картада кез келген суретті сыза аламыз, – дейді Бақыт Сахариев.



Университетіміздегі Жерді қашықтықтан зондтау орталығының мамандары Мақат – Индер – Орал теміржолының маршрутын да алдын ала картаға түсірген екен. Бұған қарап ком-

пания өкілдері өздеріне қажетті қаражатты тура есептеп біле алады. Сонымен бірге ғарыштық суреттер арқылы теміржол бағытының рельефін есептеуге болады. Орталық дрон арқылы әрбір ақпараттың дәлдігіне көз жеткізеді. Осылайша тапсырыс беруші қанша топырақ қазу керек, ойыс жерлерді тегістеу үшін үстінен қанша топырақ тасталу қажеттігі жайында анық ақпарат алады.

Бақыт мырзаның сөзінше, теміржол кейде таудың қасынан, өзеннің маңынан өтеді. Ол жерлерде тау көшкіні, су тасқыны болу қаупі жоғары. Электронды жүйе арқылы осындай апаттан сақтану жолдарын пайдалануға болады.

– Сонымен бірге SuperMap бағдарламасын пайдалана отырып, теміржолға арналған интеллектуралды интерфейс, яғни геопортал жасай аламыз. Бұл геопорталды компанияның ситуациялық орталықтарында пайдаланады. Ал біз ондағы мәліметтерді ғарыштық түсірілімдердің негізінде жаңартып отырамыз. Интеллектуралды интерфейс дегеніміз – автоматты жұмыс аймағы десек те болады. Оған электронды картадан бөлек, математикалық модель бойынша бағдарлама жасап, кейбір функцияларды кіргіземіз. Мысалы, екі стансаның арасындағы жол ұзындығын автоматты түрде есептеп бере алады. Теміржолдың екі жағында ағаш өспейтін, үйлер салынбайтын ашық жер болуы керек. Соның барлығын геопорталда қарап, анықтап отыруға болады. Сонымен бірге мәліметтер базасына жекеменшіктегі теміржолдарды тіркей аламыз. Компанияның иесі, сертификаты, пайдаланып отырған қауіпсіздік шаралары қандай деген ақпараттармен толықтырамыз. Бұл жұмыс күшіне түсетін салмақты едәуір жеңілдетеді, – дейді орталық басшысы.

Өздеріңіз білетіндей, кейбір теміржолдың бойында жол өткелдері болады. Соның кейбірінде шлагбаум жоқ. Сондай өткелдерге видео-бақылау орнатуға болатынын айтқан Бақыт Сембайұлы осы арқылы теміржол бойындағы қауіпсіздік шараларын күшейтуге болатынын жеткізді.

– Оны ситуациялық орталықтар тікелей көріп отырады. Шлагбаум дұрыс жұмыс істеп тұр ма, теміржол бойында көліктер тоқтап қалмады ма дегендей мәселелерді дәл уақытында анықтауға болады. Мысалы, Алматы маңында осыдан бір-екі жыл бұрын көлік кептелісі кезінде автобус пойыз жолдың бойында қалып қойғандықтан, үлкен жол апаты болды. Егер сол жерде видео-бақылау арқылы геопорталға ақпарат келіп түскен болса, диспетчерлер машиниске дер кезінде ескерткен болар еді. Міне, апатты жағдайдың алдын алу үшін осындай инфрақұрылымдар қажет-ақ, – деп түйіндеді Б.Сахариев.

Иә, статистика бойынша әуе қатынастарына қарағанда жер бетіндегі транспорттар тоғыз есе жиі апатқа ұшырайтын көрінеді. Демек, инновациялық технологияның көмегіне жүгініп, қауіпті сейілту қажеттілігі туып тұр. Ғалымдар шешімін де ұсынып отыр. Біздің мақсатымыз – «Заманың түлкі болса, тазы боп шал» демекші, жаңа жобалардың мүмкіндіктерін сарқып пайдалану.

В современном мире возрос интерес к изучению тюркологии. Это связано с многими факторами, как глобализация и выявление идентичности народов и национальностей на мировой арене. Казахстан сегодня остается единственным флагманом для изучения тюркоязычных народов в центре Евразийского континента.

Тюркология – наука будущего

В скором времени в КазНУ им. Аль-Фараби планирует открытие кафедры тюркологии, которая в будущем собирается стать одной из успешных направлений для подготовки специалистов в области тюркологии. Изучая, мы открываем неизведанное в тюркологии. Сама наука является молодой – она возникла в конце XVIII века и на сегодняшний день является актуальной не только для тюркских народов, но и для стран Запада.

В данный момент я являюсь магистрантом первого курса. Во время обучения я познакомился с преподавателями, которые являются мастерами своего дела. Они вложили большой вклад для подготовки специалистов-тюркологов, можно сказать – международного класса. На кафедре ТЮРКСОЙ, по спе-

циальности «Тюркология» работают высококвалифицированные специалисты, и благодаря этим специалистам и результатам их деятельности, я решил поступить на данную специальность. В настоящее время на кафедре имеются культурные центры, в которых многие желающие могут познакомиться и изучить современные тюркские языки, литературу и письма государств Центральной Азии в эпоху от Алишера Навои до начала XX века. Благодаря современным информационным технологиям можно ознакомиться и исследовать различные аспекты изучения тюркского языкознания, участвовать в научно-практических конференциях, публиковаться в зарубежных изданиях. Это дает свои плоды для дальнейшего саморазвития.

На втором семестре всем магистрантам было предложено пройти педагогическую практику, что позволяет усовершенствовать познания в педагогической деятельности. Мне, как магистранту, предоставили читать лекции по дисциплине «Языковая политика тюркоязычных государств». Целью данной дисциплины является изучение языковой ситуации в тюркоязычных странах и народах, проживающих за пределами своей страны.

Руководитель практики кандидат филологических наук Гулжамал Кыдырбаевна Кортабаева является профессионалом своего дела, читает много дисциплин по тюркологии, в том числе сравнительную грамматику тюркских языков и входит в состав республиканской комиссии по составлению вступительных тестов для магистрантов-тюркологов. Также она возглавляет Азербайджанский центр культуры и истории при кафедре ТЮРКСОЙ.

В будущем, я уверен, что тюркология займет достойное место в области гуманитарных дисциплин.

Адилжан АВАЛИЕВ,
магистрант 1 курса
спец. Тюркология
Факультет
Востоковедения КазНУ

Біздің оқырман



Көрнекті ақын және қоғам қайраткері ОЛЖАС СҮЛЕЙМЕНОВ

Суретті түсірген – Досжан Балабекхлы

Встреча двух культур

На филологическом факультете Казахского национального университета имени Аль-Фараби с 2014 года представлена образовательная программа «Флагман» («Американские Советы по международному образованию»). Студенты-американцы разных специальностей, из разных университетов в течение учебного года углубленно изучают русский язык, посещают занятия вместе со студентами-казахстанцами, общаются с языковыми партнерами, живут в казахстанских семьях, даже проходят практику по своим профессиональным и личным интересам.

Интересно, что такое общение полезно и казахстанской стороне, ведь вопросы и удивление иностранцев помогают нам задуматься о привычных вещах, заметить новые черты в том, что казалось несомненным. Один из примеров общения, обогащающего всех участников – совместные дискуссии казахстанских и американских студентов. Отдельные встречи в 2017 году переросли в регулярные учебные дискуссии, а потом по инициативе студентов был создан Клуб дебатов.

Этот год внёс коррективы в привычный учебный процесс: и обучение, и общение казахстанских и американских студентов

проходит в режиме онлайн. Но это дало новые возможности: осенние диспуты 2020 года организовывали два модератора (американский и казахстанский студент), которые заранее продумывали вопросы, повороты дискуссии и помогли друг другу в проведении беседы. Студенты открыли для себя, что важны не только данные, но и взгляд на них: зачастую американские и казахстанские студенты по-разному оценивают информацию, что даёт повод задуматься о разнице культур и о своей позиции.

Американское общество намного менее однородно, чем может показаться со стороны – студентам из Висконсина всегда



есть о чем поспорить со студентами из Портленда или Лос-Анжелеса, и это стало открытием для казахстанских студентов, склонных скорее соглашаться друг с другом. Также, как и поучиться культуре дискуссий у их американских сверстников.

Во время учебных дискуссий студенты обсуждают вопросы, связанные с учебными темами программы «Флагман», например, где границы познания, меняются ли культура общения в современных городах, ценности молодежи в динамичном мире,

культурная идентичность и мультикультурность. Студенты регулярно возвращаются к вопросам коммерциализации образования, платы за обучение, необходимости официальных дипломов, цели обучения, двойных специальностей, фундаментальности или специализации образования. В этом году во время дискуссии появилась новая тема: сравнение онлайн- и традиционного обучения.

При обсуждении трансформации культуры в апреле текущего года студенты сравнивали про-

цессы, которые происходят в Америке и в Казахстане, живо интересовались мотивами поведения людей в этих странах (например, при заключении брака), внимательно выслушивали примеры отношения представителей разных культур к полиязычию, сохранению культур малых народов, детально рассматривали День единства народа Казахстана как пример интегративной государственной политики (и студенты-американцы признались, что хотели бы отмечать подобный праздник в своей родной стране), доказывали растущее культурное влияние стран Юго-Восточной Азии на культуру США и Казахстана – общих тем нашлось много.

Американцы, изменившись сами, меняют жителей США. Но это верно и для казахстанских студентов: соприкоснувшись с другим взглядом на мир, они задумываются о себе, о ценностях нашего общества и о пути, по которому мы пойдём. Ведь будущее нашей страны – в руках молодежи.

Т.Е. ПШЕНИНА,
к.филол.н., доцент кафедры
иностранной филологии и
переводческого дела

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің

Басқарма Төрағасы - Ректоры
Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ

Имидждік саясат және қоғаммен байланыс
департаментінің директоры
Қаншайым БАЙДӘУЛЕТ

Бас редактор: Гүлнар ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ

Жауапты хатшы-дизайнер: Талғат КІРШІБАЕВ

Тілшілер: Қайыржан ТӨРЕЖАН,
Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ,
Кәмила ДҮЙСЕН,
Нұрбек НҮРЖАНҰЛЫ

Фототілші: Марат ЖҮНІСБЕКОВ

Корректор: Күләш ҚАДЫРБАЕВА

МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 71,
ректорат, 3-қабат, №302, 304 бөлме.
Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 11-94,
тікелей: 377-31-48.

Электронды мекенжай:
kaznugazeta@gmail.com

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Қазақ университеті» баспаханасында басылды.

Бағасы келісім бойынша.

Таралымы – 1000

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.